

**Рыскалиев Саят Нурболатовичтің 6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми көңесшінің**

## **ПІКІРІ**

**Зерттеудің өзектілігі.** "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының бекіткен "Педагог" кәсіби стандартында педагогикалық мамандық құндылықтары ретінде "қарым-қатынас дағдылары; ынтымақтастық дағдылары, тартыстарды шеше білу дағдылары" анықталған, яғни аталған қасиеттер мұғалімнің басқарушылық құзыреттілігінің негізгі құрылымдық элементтерін құрайды.

Осыған байланысты білім берудің болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру проблемасы Ұлттық біліктілік шенбері деңгейінде ғана емес, білім беру саласындағы Салалық біліктілік шенбері деңгейінде де өзекті болып табылады.

Диссертация тақырыбы 6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығына толық сәйкес келеді.

**Диссертация құрылымының қысқаша сипаттамасы және оның ерекшеліктері.**

Зерттеуді жүргізу алгоритмі кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған дереккөздер тізімі және қосымшаны қамтиды.

С.Н. Рыскалиевтің жұмысы қазақстандық, сондай-ақ шетелдік ғылымда апробацияланған әдіснамалық көзқарастарға негізделеді.

Басқару саласындағы заманауи теориялық тұжырымдамаларды ескере отырып, ізденуші оларды республикадағы білім берудің болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыруда қолданады.

**Ізденушінің нәтижелерді алуға жеке қатысуы.**

Автордың ғылыми еңбегі болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру әдіснамасын негіздеуден көрініс тапқан.

Ізденуші қорғауға шығарылатын теориялық және практикалық тұжырымдарды Қазақстанның түрлі өнірлерінде жүзеге асырылған әмпирикалық тексеру бағытында үлкен жұмыс жүргізген.

**ҚР ҒЖБМ философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын талаптары шенберінде автордың қол жеткізген ғылыми нәтижелері.**

1. Диссидент қазақстандық және шетелдік ғылыми-зерттеу әдебиеттерінің зор көлемін зерделеп, жүйелуе арқылы болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің заманауи ахуалын айқындаған.

2. Екінші нәтиженің ерекшелігі болып докторанттың болашақ мұғалімнің басқарушылық құзіреттілігінің ерекшелігін мінез-құлықтың құрамына теориялық және практикаға бағытталған білім, басқару саласындағы дағдылар, ішкі ресурстар жүйесін жүзеге асыруға дайындық енетін өзіндік үлгісі ретінде анықтауы саналады.

3. Дене мәдениеті мен спорттың теориясы мен тәжірибесі үшін өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын мақсаттық, диагностикалық, мазмұндық, ұйымдастырушылық және нәтижелік секілді бес блокты қамтитын болашақ мен мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастырудың тұжырымдамалық моделі маңызды болып табылады.

4. Эксперименттер сериясының негізінде білім беруде болашақ мен мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру көрсеткіштерінің өзара байланыстылығы айқындалды.

#### **Ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылық дәрежесі және олардың жаңалығы.**

Алғынған барлық нәтижелердің сенімділігі мен негізділігі дұрыс таңдалған әдістемелік құралмен, эксперимент бағдарламасымен, сандық және сапалық өндеге әдістерімен қамтамасыз етілген.

#### **Диссертациялық жұмыстың практикалық маңыздылығы.**

Ізденуші С.Н.Рыскалиев ғылыми зерттеу аясында «Басқарушы мектебі» клуб бағдарламасын, 5B010800-«Дене шынықтыру және спорт» мамандығының студенттеріне арналған «Дене мәдениеті педагогының басқарушылық құзыреттілігі және имиджі» элективті курсын, «Білім беру мен спорт жүйесіндегі басқару» оқу-әдістемелік құралы, «Басқарушылық құзыреттілік негіздері» электрондық оқулығын, «Болашақ мен мәдениеті мұғалімінің басқарушылық құзыреттілігі» атты оқу-әдістемелік құралдарын даярлап, ЖОО-ның тұтас педагогикалық процесіне енгізді.

Зерттеу жұмысының анықтаушы эксперименті ҚР 8 ЖОО-да жүргізілді. Зерттеу көздерін жеткілікті мағыналы іріктеумен, практикалық материалдың кең ауқымымен, зерттеудің теориялық және логикалық негізделген әдістерін қолданумен қамтамасыз етілген сенімділік пен негізділік, докторанттың өз бетінше Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде жүргізген қалыптастыруши эксперименттік жұмысының нәтижелерімен дәлелденеді.

#### **Жұмыстың 6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертацияларға қойылатын ҚР ғұжырына сәйкестігі.**

С.Н.Рыскалиевтың диссертациясы терең де жан-жақты қамтылған толыққанды зерттеу болып табылады. Ғылыми-зерттеу бойынша жұмысының негізгі нәтижелері барлығы 21 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның ішінде 7 ҚР ғылым және жоғары білім Министрлігінің, Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 мақала

Scopus базасына енген шет елдік басылымында, 4 оқу-әдістемелік құрал, 7 мақала халықаралық конференциялар материалдары жинақтарында

жарияланған ұсынымдарына сәйкес ғылыми жарияланымдарда көрініс тапқан.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерінің болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын кәсіптік даярлау теориясы үшін де, практикасы үшін де жоғары ғылыми маңызы бар. С.Н.Рыскалиевтың «**Болашақ дене мәдениеті мұғалімдерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру**» тақырыбындағы жұмысы 6D010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылатын диссертацияларға қойылатын ғылыми талаптарға сәйкес келеді.

Докторант С.Н. Рыскалиевтың диссертациялық жұмысы **6D010800** – «**Дене шынықтыру және спорт**» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға лайық деп санаймыз.

**Ғылыми кеңесші:**

**PhD докторы,**

**қауымдастырылған профессор:**

12.04.2024г.

**А.Б.Дошыбеков**

